

Е.М. Әбенov
Ш.Ш. Тұрмаханбетова
А.Б. Тулаганов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: aem11186@mail.ru, shakenss@mail.ru, akademi09@mail.ru)

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жекешелік әріптестік негізінде кәсіпкерлікті инновациялық дамыту механизмінің тиімділігін анықтау

Аннотация. Қазақстан Республикасы экономикасын тұрақты дамытудың негізгі механизмдерінің бірі мемлекеттік жекешелік әріптестік (МЖӘ) болып саналады. Даму институттары мен экономиканың әртүрлі саласындағы кәсіпкерлердің өзара тиімді әріптестігі арқылы Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігін дамытуға, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға болады.

Авторлар бұдан бөлек кәсіпкерлер мен даму институттарының басты міндеттері мен негізгі мақсатын қарастырып, сызба сурет арқылы Қазақстанда МЖӘ негізінде кәсіпкерлікті инновациялық дамытуға жауапты ұйымдардың қызметі нәтижесінде ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін әзірледі.

Елдің экономикалық дамуына мемлекет пен кәсіпкерліктің әріптестігі оң әсер беретін құбылыс екендігі туралы нақты дәлелдер мен көзқарастарын мемлекеттік бағдарламалар, заңдарды басшылыққа ала отырып келтірілген.

Соңғы уақыттарда кәсіпкерліктің инновациялық даму қызметін қолдау мақсатында Қазақстан Республикасында қабылданып, жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар мен бірқатар нормативті-заңды құжаттар қарастырылды.

Авторлардың зерттеу жұмыстарының нәтижесінде мемлекет пен кәсіпкерліктің әріптестігі арасындағы қарым-қатынас негізінде кәсіпкерліктің инновациялық даму үдерісінің жаңа механизмдері мен бағыттары анықталды.

Түйін сөздер: даму институттары, инновациялық гранттар, стартап, кластер, корпоративтік инновациялар нарығын, әріптестік, кәсіпкерліктің инновациялық дамуы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2021-2-79-90>

Кіріспе

Әлемдік экономикалық қатынастардың өзгеруі және ұлттық экономиканы интеграциялық процестерге көшу жағдайында

құрылымдық өзгерістерге және мемлекет пен кәсіпкерліктің іс-қимыл байланысына қажеттілік туындады. Бұл бюджет қаражатының шығысын азайтып, инновация және бәсекелестікті дамытуды мемлекеттік деңгейде мемле-

кеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) институтын тиімді пайдалану мен басқаруды тиімді ұйымдастыру қажеттілігін білдіреді.

Қазіргі нарық экономикасының қарқынды дамуы жағдайында кәсіпкерліктің инновациялық даму моделін қалыптасыру қажеттілігі мемлекет пен кәсіпкерліктің келісе отырып өзара әрекеттесу маңыздылығын айтуға болады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық даму барысындағы субъектілер мүдделерінің қарама-қайшылығының тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.

Соңғы жылдарда жинақталған тәжірибелер дәлел болғандай, әлеуметтік-экономикалық дамудың белсенді әлеуетінің ең басты механизмдерінің бірі МЖӘ болып табылады. Бұндай ынтымақтастық-әлеуметтік шаруашылық жүргізудегі біршама жаңа құбылыс болып табылады, әрі мемлекет меншігін басқарудың тиімділігін арттыруға мемлекет пен кәсіпкерліктің өзара әрекеттестік үрдісінің кеңеюін және формаларының күрделене түсуін сипаттайды.

Мақаланың мақсаты мен міндеттері. Мақаланың зерттеу мақсаты болып МЖӘ негізінде кәсіпкерліктің инновациялық дамуын басқару механизмінің теориялық-әдіснамалық және ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарын негіздеу болып табылады.

Қарастырылып отырған сұрақтың тарихы. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында МЖӘ-ті дамыту мәселелері, сондай-ақ оның елдің экономикалық жүйесінің инновациялық құрамдас бөлігін қалыптастырудағы, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлін зерттейтін сұрақтар көптеген ғалым-экономистер мен практиктердің тұрақты назарында.

Зерттеу әдістері

Жалпы ғылыми және жеке ғылымдардың, анықтау және түрлендіру, сапалық және сандық, эмпирикалық және теориялық әдістермен білімді байланыстыра отырып ғылыми теориялық және практикалық ұсыныстар әзірленді.

Талқылау және нәтижелер

МЖӘ негізінде кәсіпкерліктің инновациялық дамуында даму институттарының қызметіне ерекше назар аудару қажет. Кәсіпкерліктің инновациялық дамытуда МЖӘ-ке қызметіне бағытталған олардың мынадай негізгі функцияларын атап көрсетуге болады: инвестицияларды тарту және инновациялық және индустриялық сипаттағы (Қазақстанның инвестициялық қоры, Даму Банкі, Қазинвест) жобаларды қаржыландыруға жәрдемдесу. Инфрақұрылымды және инновациялық қызмет субъектілерін құру (Технологиялық даму жөніндегі агенттік). Шетелдік инвестициялық қорлардың капиталына қатысу және шетелдік инвестициялар (Технологиялық даму жөніндегі агенттік, KazynaCapitalManagement). Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерлік саласының өндірген өнімдерін сыртқы нарықтарға жылжыту (инвестицияларды сақтандыру жөніндегі Корпорация, экспортты дамыту және жылжыту жөніндегі Корпорация).


Қазақстанда МЖӘ негізінде кәсіпкерлікті инновациялық дамыту механизмі келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады (1-сурет):

- инновациялық гранттар беру;
- квазимемлекеттік ұйымдар арқылы стартаптарды қолдау;
- инновациялық кластерлерді дамыту;
- корпоративтік инновациялар нарығын дамыту және т.с.с.

Төмендегі сызбада аталған бағыттар бойынша жасалатын түйінді іс-шаралармен қатар, оларды жүзеге асыруға жауапты ұйымдар да келтірілген.

Енді аталған бағыттар мен қолданылатын механизмдерді жекелеп қарау арқылы олардың нәтижелілігі мен тиімділігін анықтауға болады.

Қазақстанда бүгінгі күні инновацияны дамыту және инновациялық экожүйені құру бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізілуде. Солай, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын [1], сондай-ақ «Цифрлық Қазақстан» [2] және «Қазақстан Республикасының 2015-2019 жыл-



Сурет 1 – Қазақстанда МЖӨ негізінде кәсіпкерлікті инновациялық дамытуға жауапты ұйымдар

Ескерту: автор құрастырған

дарға арналған индустриялық-инновациялық дамуы» мемлекеттік бағдарламаларын [3] іске асыру шеңберінде елдегі кәсіпкерліктің инновациялық белсенділік деңгейі 2019 жылдың қорытындысы бойынша 11,3%-ды құрап, тұрақты өсуді көрсетті. Салыстыру үшін, 2017

жылы көрсеткіш 9,6%-ға, ал бір жыл бұрын 9,3 % тең болды [4].

Инновациялық өнімдер мен технологиялардың үлесін арттыру бойынша жұмысты жүйелендіру үшін жұмыс заңнамалық деңгейде де жүргізіледі. Мысалы, Қазақстанда

кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңнамаға өзгерістер енгізді, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Инновациялық технологиялар паркі» туралы Заңы қабылданды. Осы заңның негізінде халықаралық стартаптар технопаркі, кластер, АЭА құрылып жұмыс жасауда.

Инновациялық саланың жеке бағыты инновациялық гранттар беру болып табылады. Бұл механизм Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде бекітілген және жоғарыда айтылған мемлекеттік бағдарламаларда да қарастырылған [6].

Инновациялық грант – мемлекеттік бюджеттен кәсіпкерлердің индустриялды-инновациялық жобаларын дамуға берілетін қайтамысыз қаржы түрі [7].

Тағы бір қолдау шарасы жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелері шеңберінде жобаларды қаржыландыру болып табылады. Заң бойынша олар инновациялық жобаларды қаржыландыруға өткен бір жыл өндіруге жұмсалған шығыстардың 1%-ын бағыттауы тиіс. Мысалы, 2015-2019 жылдар аралығында отандық жер қойнауын пайдаланушылар «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорымен жалпы сомасы 10,9 млрд. теңгеге 116 жобаға шарт жасасты [8].

Қолданылатын шаралар және технологияларды жедел дамытуға, инновациялық қызметті ынталандыруға, зерттеулер жүргізудің ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын жетілдіруге, жаңа технологияларды әзірлеуге, сондай-ақ оларды коммерцияландыруға жәрдем көрсетеді.

Инновациялық гранттар Қазақстандағы инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың маңызды құралдарының бірі болып табылады.

Олар 3 негізгі бағыт бойынша беріледі:

1. Коммерцияландыруға арналған инновациялық гранттар.
2. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлікті технологиялық дамытуға арналған инновациялық гранттар.
3. Салаларды технологиялық дамытуға арналған инновациялық гранттар.

2011 жылдан бастап 2019 жылға дейін 18 663,3 млн. теңгеге 356 грант берілді (Кесте 1).

Кесте 1

Қазақстанда гранттар беру инновациясы

Жылдар	Келісім – шарттар саны	Гранттар көлемі, млн. тг.
2011-2012	129	7 129,6
2013	44	821,4
2014	8	641,1
2015	51	1 607,6
2016	66	1 995,6
2017	9	1 687,0
2018	18	4 673,5
2019	1	107,4
Барлығы	356	18 663,3
Ескерту: [9] әдебиет негізінде автор құрастырған		

Жұмсалған инновациялық гранттардың нәтижелігі және тиімділігі бөлімнің аяғында нақтыланады. 2019 жылы Қазақстан Президентінің жарлығымен еліміздегі инновациялық және ғылыми – техникалық дамуымен Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрілігі айналысады. Инновациялық гранттарды ұсыну бойынша операторлық қызметтерді «Qazaqindustry» Қазақстандық индустрияны және экспортты дамыту орталығы» АҚ көрсетеді.

Инновациялық стартаптарды қолдау:

2018 жылдың 6-қарашасында «Astana Hub» IT-стартаптары халықаралық технопаркінің жұмысы басталды. Технопарк «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының бесінші бағыты-инновациялық экожүйені дамыту шеңберінде ашылды [10].

Astana Hub-тің негізгі міндеті – Қазақстан стартап мәдениетін дамыту және перспективалы жоғары технологиялық IT- жобаларды қолдау. Бұл үшін технопаркте стартапшілерлерге қазіргі заманғы техника, технологиялық-инфрақұрылым тегін беріледі, инвесторларды іздеу және сыртқы нарықтарға шығу бойынша қолдау көрсетіледі.

Атап айтқанда, қабылданған заңнамалық түзетулер стартапшыларға жеңілдетілген визалық және еңбек тәртібін қолдануға мүм-

кіндік береді. Олардың барлығы жеке табыс салығы (ЖТС), қосылған құн салығы (ҚҚС), тауарлар импортына ҚҚС, сондай-ақ резидент еместерге әлеуметтік салық сияқты салықтарды төлеу толық босатылады.

Бұдан басқа, Astana Hub стартаптардың иелеріне даму үшін мемлекеттік бағдарламалар бойынша оқыту арқылы сапаны «күшейтуге» мүмкіндік береді. Әңгіме трекерлер, инкубация және акселерация мектептері кәсіпкерлікті дамыту және инвестиция тарту бойынша қажетті білім береді.

Қазіргі уақытта Astana Hub жүктелуі 100%-ды құрайды және келесі негізгі нәтижелермен сипатталады (Кесте 2).

Технопарктің табысты стартаптарының мысалдары ретінде келтіруге болады: интернет-дүкендерден сәлемдемелер беруге арналған Tastamat тәулік бойы пошталық терминалдарды, ата-аналарға баланың орналасқан жерін қадағалауға мүмкіндік беретін Kids security GPS-білезіктері, онлайн несие бойынша қарызы бар Қазақстандықтарға заң көмегінің жобасы – antidolg. AbsCrypt-бәсекелестерінен әлдеқайда жылдам жұмыс істейтін үлкен медиафайлдарды цифрлау бағдарламасы.

2018 жылы «GVA Alatau Fund» бірлескен қазақстандық-американдық венчурлік қоры құрылды, ол бүгінгі күні Қазақстанда алғаш рет «Стартап Қазақстан» акселерация халықаралық бағдарламасы аясында 100-ге жуық стартап-жобаны қаржыландырды [11].

Инновациялық кластер құру:

Қазақстанда инновациялық экожүйені құру «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жұмысының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл міндетті Қазақстан Президенті – Елбасы Н. Назарбаев 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында қойды [12].

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі осыған байланысты инновациялық кластерлер (технологиялық платформалар) құру бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл стартаптарды бизнес-объектілерді, бір сектор мен аймақта жұмыс істейтін зерттеу ұйымдарын біріктіру және күш-жігерді, қуаттарды және озық тәжірибені біріктіруге бағытталған.

Қүзіретті органмен басым бағыттар бойынша 8 кластер анықталды:

- индустрия 4.0;
- Smart city;
- жасанды интеллект;
- мемлекеттік қызмет көрсетудегі инновациялық шешімдер;
- шикізатты қайта өңдеу және жаңа материалдар;
- аэроғарыш өнеркәсібі;
- жаңа энергетика және жасыл технологиялар.

Осы кластерлердің әрқайсысында пилоттық жобаларды іске асыруға жауапты базалық ұғым-құзыреттер орталығы бар. Ол

Кесте 2

Astana Hub IT – стартаптары халықаралық технопаркінің жұмыс көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2018	2019	Барлығы
AstanaHub-та орналастырылған стартаптар саны	142	91	233
Astana Hub акселерациясына өткен стартап саны	47	44	91
Жеңілдікті салық шеңбері режимі шеңберінде тіркелген қатысушылар саны	81	87	168
Astana Hub-та ашылған зертханалар саны	8	9	17
Astana Hub алаңында өткізілген іс-шаралар саны, оның ішінде:			
Іс-шаралар саны	200	414	614
Қатысушылар саны	14 200	13 205	27 405
Ескерту:[10]әдебиет негізінде автор құрастырған			

құзыреттілікті, сондай-ақ халықаралық әріптестік байланыстарды ұлғайту мен масштабтау мүмкіндігіне ие. Бұл орталықтардың негізгі міндеті корпорацияларды, стартаптарды, инвесторларды, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарын тарта отырып, кластерлерді қалыптастыру болып табылады [13].

Корпоративтік инновацияларды дамыту:

Корпоративтік инновациялар – тәжірибе, жобалар алмасу, бірлескен бастамаларды іске қосу үшін қажет. Бұл технологиялық кәсіпкерлікті дамыту бойынша жағдай жасау және халықаралық инновациялық экожүйелерде елдің ұстанымын күшейту үшін маңызды.

Корпоративтік инновацияларды дамыту үшін бүгін «Astana Hub» арқылы IT-стартап паркінің экожүйесіне инновациялық инқұрылымның аймақтық объектілерін (технопарктер, инкубаторлар, акселераторлар, инновациялық орталықтар. IT-хабар, Академия стартапы, коммерцияландыру кеңселері, ЖОО, ҒЗИ және т.б.) белсенді тарту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мұндай желіні құру үшін «Astana Hub» командасы республикалық маңызы бар 3 қалада

және 14 облыс орталығында бар. Әрбір аймақ үшін жеке даму жоспары әзірленді. Осылайша, технопарк аймақтық инновациялар орталықтарына команда, инфрақұрылым құрып, стартап бағдарламаларын таңдап алуға, инвесторларды тартуға көмек көрсетеді.

Бұл аймақтардағы стартап жобаларының бастапқы кезеңінде алдын-ала дайындық сатысындағы инновациялық жобаларды дайындауды қамтамасыз етуге, бұдан әрі олардың республикалық деңгейде Astana Hub бағдарламаларына неғұрлым тиімді қатысуы және халықаралық әріптестермен ынтымақтасуы үшін мүмкіндік береді.

Венчурлік инвестициялар нарығын дамыту:

Қазақстан Республикасында ұлттық инновациялық жобаны құру мен дамытуда негізгі ролді венчурлық қорлар алады. 2004 жылы елімізде венчурлік қорлардың құрылуына Ұлттық инновациялық қор (ҰИҚ) түрткі болған. ҰИҚ Қазақстанның даму институты «Қазына» тұрақты даму қорына кіретін ұйым болып саналады. Венчурлық инновациялаудың негізгі қызметі инновация жасауда шетелдік капиталды тарту, венчурлық қор

Кесте 3

Қазақстан Республикасындағы венчурлік қорлардың құрылған жылдары мен қаржылық үлесі

	Қор атауы	Құрылды	Қор қаржысы, млрд. тенге	ҰИҚ үлесі, млрд. тенге
1	«Венчурлық Кор Адвант»	2004 ж	2,7	1,3
2	«Жоғары технология қоры «Әрекет» АҚ	2004 ж	3,8	1,3
3	«АИФРИ «Венчурлық Қор Сентрас» АҚ	2004 ж	2,6	1,3
4	«Almaty Venture Capital» АҚ	2005 ж	2,6	1,3
5	«АИФРИ Gilotnur Technology Fund» АҚ	2005 ж	2,6	1,3
6	«Logycom perspective innovations» АҚ	2008 ж	2,4	1,2
7	«Wellington partners ventures III»	2004 ж	84,0	4,4
8	Орталық Азия шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры CASE	2005 ж	4,2	2
9	Flagship ventures fund 2004.L.P.	2006 ж	15,1	10,0
10	Mayban – JAICVentureund	2007 ж	21,0	2,1
11	Vertex III (C.I.) Fund L.P.	2006 ж	53,2	2,1
12	«Naspers» венчурлік компаниясы	2008 ж	22,7	4,2
Ескерту: автор құрастырған				

венчурлық инвестициялауды ұйымдастыру арқылы жеке заңды тұлғалардың капиталын шоғырландыруды атайды.

Венчурлық қорларды құру инновациялық қызметке жеке капиталдың тартылуына олардың қаупінің төмендеуіне инновациялардың коммерцияландыру саласында мемлекет пен кәсіпкерліктің өзара тиімді әрекет жасауларына өзіндік септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасында венчурлік ассоциациясы құылған, оның құамында 12 венчурлік қор кіреді.


Қазіргі кезде 5 қор 13 жобаны қолдап, жалпы құны 5,6 млрд теңге тұрады. Жобалар биотехнология, фармацевтика, IT салаларында. Қазақстан Республикасында венчурлік қор-

ларға ұсыныс берушілердің 23% ғалымдар, ал қалған көп үлесті кәсіпкерліктер және ірі мемлекеттік кәсіпорындар алады.

Қазақстан венчурлік қаржыландыруды дамытудың триггері 2018 жылғы шілдеде қабылданған «Венчурлік қаржыландыру туралы» Заң болып табылады.

Венчурлік қаржыландыру – бұл, әдетте, инновациялық өнімдерді өндіру бойынша жаңадан құрылатын технологиялық компанияларға ұзақ мерзімді жоғары тәуекелді жеке инвестициялар.

Отандық инновациялық жобаларды осындай инвестициялармен қамтамасыз ету үшін 2019 жылы «QazTech Ventures» АҚ венчурлік қоры құрылды.



Сурет 2 – Қазақстанда жұмсалған инновациялық гранттардың нәтижелілік және тиімділік көрсеткіштері

Ескерту: автор құрастырған

2018 жылы Инновациялық технологиялар паркі дербес кластерлік қоры басқарушы әріптесі «Tech Garden Ventures, LLC болып табылатын GVA Alatau Fund бірлескен қазақстандық – америкалық венчурлік инвестициялық қоры құрылды. Қор Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген компаниялардың перспективалық жобаларына, оның ішінде Astana Hub қатысушыларына инвестициялайды. Құрылған күннен бастап Қор Индустрия 4.0, Финтех, Ақылды қала және жаңа материалдар сияқты бағыттар бойынша 95 стартап-жобаға 1 млрд.теңгеге жуық қаржы салды.

МЖӘ механизмін қолдану аясы дамып келеді. Осы салада жаңа технологияларға көшу және басқару, ұйымдастыру құрылымы жағынан инновациялық алға басу бар.

Сонымен, инновациялық саладағы МЖӘ-бұл инновациялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру инновациялық инфрақұрылым субъектілерін, (венчурлік қорлар, технологиялар трансферті орталықтары, бизнес-инкубаторлар, стартап-мектеп-

тер, арнайы экономикалық аймақтар, технопарктер, кластерлер, гранттар беру және т.б) құру және жетілдіру арқылы мемлекет пен кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық, басқару және құқықтық қатынастары мен іс-қимылдарының жиынтығы.

Жоғарыда аталған механизмдердің ішінде тек қана инновациялық гранттардың нәтижелілігі мен тиімділігін анықтаудан ақпараттық мәліметтері берілген. Басқа бағыттар бойынша жұмсалған шығындар мен қол жеткізілген нәтижелер қаржылай өлшемі болмағандықтан, яғни ұйымның күнделікті қызметінде институционалды немесе консультациялық қолдау шараларына негізделгендіктен олардың нәтижелері де қоғамдық немесе әлеуметтік жақсартулармен ғана сипатталуға нақты тиімділікті анықтауға мүмкіндік бермейді.

Берілген иновациялық гранттар, тәжірибе көрсетіп отырғандай, ел экономикасына оң мультипликативті әсер етеді. Мысалы грант алушылар 198,5 млрд. теңгеге өнім шығарды, оның ішінде 179,7 млрд. теңге өнім сатылды,

Кесте 4

Қазақстанда МЖӘ негізінде кәсіпкерлікті инновациялық дамыту механизмдерінің нәтижелері

	Механизмдер	Жылдар	Іс-шара бойынша нәтижелік көрсеткіш	Бюджеттен жұмсалған қаражат, млрд. теңгемен	Жүзеге асырылған жобалар саны
1	Инновациялық гранттар беру	2011-2019		18,7	356
2	Стартаптарды қолдау	2018-2019	233		
3	Инновациялық стартаптарды қолдау	2015-2019		5,4	107
4	Корпоративтік инновациялар нарығын дамыту	2018-2019	17 ұйым		
5	Кластерлерді дамыту	2018-2019	8 кластер		
6	Венчурлік инвестициялар нарығын дамыту	2018-2019	12	5,6	13
7	Жер қойнауын пайдаланушылар	2015-2019		10,9	116
Ескерту: автормен құрастырылған					

оның ішінде сыртқы нарыққа-60,2 млрд. теңге. Осылайша әрбір 1 теңге грантқа-10,55 теңге өнім өндірілді.

Сонымен қатар, инноваторлармен ел бюджетіне 12,6 млрд. теңге салық төленді, олар 3 778 жұмыс орнын құрды, оның ішінде 1 972 тұрақты жұмыс орындары.

Сонымен инновациялық жобаларды МЖӨ механизмі арқылы қолдаудың барлық тетіктерін қарастыра отырып, олардың арасында қаржылық құралдармен қатар, ұйымдастырушылық (яғни, тек жеке жаққа қолайлы жағдай жасаумен ғана шектелетін) және кеңес берушілік (яғни, қажетті ақпарат пен қызметкерлердің біліктілігін арттыруға байланысты) бағыттардың қолданылатынына көз жеткіземіз. Осы механизмдерді нақты қызметтеріне байланысты реттеп олардың нәтижелерін 4-кестеге жинақтадық. Кестеден көріп отырғанымыздай кейбір механизмдер бойынша нәтижелер қаржылық болғандықтан, олардың қорытынды көрсеткіштері белгілі болса (шығарылған өнім, өткізілген өнім және т.б.) олардың тиімділігін есептеуге мүмкіндік ала-

мыз. Ал тиісті қортынды көрсеткіштер болмаған жағдайда және механизм қаржылық болмаса тиімділік деңгейін анықтау мүмкін емес.

Жоғарыда аталған механизмдердің қолданылуымен Қазақстанда 592-ға жуық инновациялық бағытталған МЖӨ негізінде жобалар жүзеге асырылуда.

Қорытынды

Сонымен, Қазақстанда МЖӨ негізінде кәсіпкерлікті инновациялық дамыту механизмдері мен олардың тиімділігін бағалау нәтижесінде негізгі тиімді механизм ретінде даму институттары (квзимемлекеттік) арқылы инновациялық гранттарды атап өтуге болады. Себебі, МЖӨ негізінде жұмсалған инновациялық гранттарды 1 теңгесі 10 теңгеден артық өнім өндіруге, 3 778 жаңа жұмыс орны, оның ішінде 1972 тұрақты жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп қана қоймай өндірілген өнімнің 30%-ын экспортқа шығару нәтижесі анықталып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2017 жылғы 30 қарашадағы №799 қаулысы. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799> (қаралған күні: 01.02.2021).
2. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> (қаралған күні: 20.01.2021).
3. «Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық – инновациялық дамуы». Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусым № 627 қаулысы. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000627> (қаралған күні: 20.01.2021).
4. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. [Электрондық ресурс] - URL: <https://www.stat.gov.kz/> (қаралған күні: 18.12.2020).
5. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 10 маусымдағы «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы» Заңы. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000207> (қаралған күні: 20.01.2021).
6. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015г. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.07.2020г. [Электрондық ресурс] - URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38259854 (қаралған күні: 01.02.2021).
7. «Салаларды технологиялық дамытуға инновациялық гранттар беру қағидаларын бекіту туралы». Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 364/НҚ бұйрығы. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021361> (қаралған күні: 01.02.2021).

8. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі сайты. [Электрондық ресурс] - URL: <https://itk.kz/ru/sez-pit-alatau/18-2012-03-06-12-52-17/2012-03-06-12-52-43/5807-23-01-2018-pit-alatau-budet-preobrazovan-v-sez-almaty.html> (қаралған күні: 01.02.2021).

9. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі сайты. [Электрондық ресурс] - URL: [Электрондық ресурс]. <https://gov.egov.kz/memleket/entities/mdai/activities/1501?lang=kk&parentId=9> (қаралған күні: 01.02.2021).

10. Astana Hub IT-стартаптары халықаралық технопаркінің ресми сайты. [Электрондық ресурс] - URL: <https://astanahub.com/> (қаралған күні: 01.02.2021).

11. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі сайты. [Электрондық ресурс] - URL: <https://gov.egov.kz/memleket/entities/mdai/activities/1501?lang=kk&parentId=9> (қаралған күні: 01.02.2021)

12. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру: Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауы. [Электрондық ресурс] - URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K18002018_1. (қаралған күні: 19.01.2021)

13. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі сайты. [Электрондық ресурс] – URL: <https://gov.egov.kz/memleket/entities/mdai/activities/1508?lang=kk&parentId=9> (қаралған күні: 19.01.2021)

E.M. Abenov, Sh.Sh. Turmakhanbetova, A.B. Tulaganov
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Determination of the effectiveness of the mechanism of innovative development of entrepreneurship on the basis of Public-Private Partnership in the Republic of Kazakhstan

Abstract. One of the main mechanisms for the sustainable development of the economy of the Republic of Kazakhstan is public-private partnership (PPP). Through mutually beneficial partnership of development institutions and entrepreneurs in various sectors of the economy, it is possible to develop the competitiveness of the Republic of Kazakhstan and improve the socio-economic situation of the population.

In addition, the authors considered the main tasks and goals of entrepreneurs and development institutions, developed organizational and economic mechanisms for cooperation.

There is presented a concrete evidence that the partnership of the state and entrepreneurship has a positive impact on the economic development of the country.

Conceptually, it is shown that within the framework of public-private partnership, each individual form of communication has its own characteristics, in particular, an individual approach to each contact on private property issues is necessary.

There were recently reviewed the state programs adopted and implemented in the Republic of Kazakhstan and a number of regulatory documents In order to support the activities of innovative development of entrepreneurship.

As a result of the study of the authors, there are identified new mechanisms and directions of the process of innovative development of entrepreneurship on the basis of the relationship between the state and the business partnership.

Keywords: development institutions, innovation grants, startup, cluster, corporate innovation market, partnership, innovative development of entrepreneurship.

E.M. Абенов, Ш.Ш. Турмаханбетова, А.Б. Тулаганов
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Определение эффективности механизма инновационного развития предпринимательства в Республике Казахстан на основе государственно-частного партнерства

Аннотация. Одним из основных механизмов устойчивого развития экономики Республики Казахстан является государственно-частное партнерство (ГЧП). Через взаимовыгодное партнерство институ-

тов развития и предпринимателей в различных отраслях экономики возможны развитие конкурентоспособности Республики Казахстан, улучшение социально-экономического положения населения.

Кроме того, авторы рассмотрели основные задачи и основные цели предпринимателей и институтов развития, выработали организационно-экономические механизмы сотрудничества.

В статье приведены конкретные доказательства того, что партнерство государства и предпринимательства оказывает положительное влияние на экономическое развитие страны. Концептуально показано, что в рамках государственно-частного партнерства каждая отдельная форма общения имеет свои особенности, в частности, необходим индивидуальный подход к каждому контакту по вопросам частной собственности.

В целях поддержки деятельности инновационного развития предпринимательства в последнее время были рассмотрены принятые и реализуемые в Республике Казахстан государственные программы и ряд нормативно-правовых документов. В результате исследовательской работы авторов определены новые механизмы и направления процесса инновационного развития предпринимательства на основе взаимоотношений между государством и предпринимательским партнерством.

Ключевые слова: институты развития, инновационные гранты, стартап, кластер, рынок корпоративных инноваций, партнерство, инновационное развитие предпринимательства.

References

1. Kazakstan Respublikasynyn 2025 zhylga dejingi Strategiyalyk damu zhospary. Kazakstan Respublikasynyn Ukimetin 2017 zhylgy 30 karashadagy №799 kaulysy [Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025. // Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 30, 2017 №799]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/eng/docs/P1700000799>; (Accessed: 01.02.2021)
2. «Cifrlıy Kazakstan» memlekettik bagdarlamasy Kazakstan respublikasy Ukimetin 2017 zhylgy 12 zheltoksandagy № 827 kaulysy [State program «Digital Kazakhstan» Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 12, 2017 № 827]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/eng/docs/P1700000827>; (Accessed: 20.01.2021)
3. «Kazakstan Respublikasynyn 2015-2019 zhyldarga amalghan industriyalyk – innovaciyalyk damuy». Kazakstan Respublikasynyn Ukimetin 2014 zhylgy 9 mausym № 627 kaulysy [«Industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan for 2015-2019» // Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated June 9, 2014 № 627]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000627>; (Accessed: 20.01.2021)
4. Kazakstan Respublikasy strategiyalyk zhosparlau zhane reformalau agenttigi Ulttyk statistika byurosynyn resmi sajty [National Statistics Bureau of the Agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and Reform]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.stat.gov.kz/>; (Accessed: 18.12.2020)
5. Kazakstan Respublikasynyn 2014 zhylgy 10 mausymdagy «Innovaciyalyk tekhnologiyalar parki» innovaciyalyk klasteri turaly» Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan dated June 10, 2014 «On the innovation cluster» Park of Innovative Technologies]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/eng/docs/Z1400000207>; (Accessed: 20.01.2021)
6. Predprinimatel'skij kodeks Respubliki Kazahstan ot 29 oktyabrya 2015g. (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 26.07.2020g. [Entrepreneurial Code of the Republic of Kazakhstan dated October 29, 2015. (with changes and additions as of 26.07.2020g.]. [Electronic resource] - Available at: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38259854; (Accessed: 01.02.2021)
7. «Salalardy tekhnologiyalyk damytuga innovaciyalyk granttar beru kagidalaryn bekitu turaly». Kazakstan Respublikasynyn Cifrlıy damu, innovaciyalar zhane aerogarysh onerkasibi ministrinin 2020 zhylgy 1 kazandagy № 364/NK bujrygy [«On approval of the Rules for providing innovation grants for technological development of industries.» Order of the Minister of Digital Development, Innovation and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan dated October 1, 2020 № 364 / OD]. [Electronic resource] - Available at: / <http://adilet.zan.kz/eng/docs/V2000021361>; (Accessed: 01.02.2021)
8. Kazakstan Respublikasynyn Cifrlıy damu, innovaciyalar zhane aerogarysh onerkasibi ministriligi sajty [Website of the Ministry of Digital Development, Innovation and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: <https://itk.kz/ru/sez-pit-alat>

au/18-2012-03-06-12-52-17/2012-03-06-12-52-43/5807-23-01 -2018-pit-alatau-budet-preobrazovan-v-sez-almaty.html; (Accessed: 01.02.2021)

9. Kazakstan Respublikasynyn Cifrlyk damu, innovaciylar zhane aerogarysh onerkasibi ministrliги sajty [Website of the Ministry of Digital Development, Innovation and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: [Electronic resource]. <https://gov.egov.kz/memleket/entities/mdai/activities/1501?lang=kk&parentId=9> (Date of application:; (Accessed: 01.02.2021)

10. Astana Hub IT-startaptary halykaralyk tekhnoparkinin resmi sajty [International Technopark of IT-startups Astana Hub]. [Electronic resource] - Available at: <https://astanahub.com/>; (Accessed: 01.02.2021)

11. Kazakstan Respublikasynyn Cifrlyk damu, innovaciylar zhane aerogarysh onerkasibi ministrliги sajty [Website of the Ministry of Digital Development, Innovation and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: <https://gov.egov.kz/memleket/entities/mdai/activities/1501?lang=kk&parentId=9>; (Accessed: 01.02.2021)

12. Kazakstandyktardyn al-aukatynyn osui: tabys pen turmys sapasyn arttyru: N. Nazarbaevtyн 2018 zhylygy 5 kazandagy Kazakstan halkyna zholdauy [Welfare growth of Kazakhstanis: increasing income and quality of life: N. Nazarbayev's message to the people of Kazakhstan on October 5, 2018]. [Electronic resource] - Available at: http://adilet.zan.kz/eng/docs/K18002018_1, (Accessed: 19.01.2021)

13. Kazakstan Respublikasynyn Cifrlyk damu, innovaciylar zhane aerogarysh onerkasibi ministrliги sajty [Website of the Ministry of Digital Development, Innovation and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: <https://gov.egov.kz/memleket/entities/mdai/activities/1508?lang=kk&parentId=9>; (Accessed: 19.01.2021)

Авторлар туралы мәлімет:

Әбенәв Е.М. – негізгі автор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Тұрмаханбетова Ш.Ш. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Менеджмент» кафедрасының э.ғ.к., доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Тұлағанов А.Б. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Менеджмент» кафедрасының доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Abenov E.M. – **The main author**, Senior teacher of Management at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Turmakhanbetova Sh.Sh. – Associate Professor of the Department of Management at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Candidate of Economic Sciences, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Tulaganov A.B. – PhD, Associate Professor of the Department «Management» at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.